

**«Салтанат» бөбекжайы» КМҚК-да
2021-2022 оқу жылында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша
атқарылған жұмыстар туралы
Е С Е П**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңын іске асыру жөніндегі 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын орындау үшін Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Салтанат» бөбекжайы» КМҚК келесіні хабарлайды:

- 1) Балалардың тамақтану сапасы бойынша мониторингті жүзеге асыру мақсатында бракераждық комиссия құру туралы бұйрық шығарылды (2021 жылғы 13 қазандағы №92 бұйрық).
- 2) «Ата-аналардан сыбайлас жемқорлық әрекеттерін және ақша қаражатын заңсыз жинауды болдырмау туралы» бұйрық (2021 жылғы 01 қыркүйектегі №75 бұйрық) шығарылды.
- 3) «Сенім телефондарын» көрсете отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ақпараттық қабырға бұрышы (стенд) ресімделді;
- 4) 2021 жылғы қазанда «Шахтинский вестник» аймақтық газетіне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күзетудегі комплаенс-қызмет» мақаласы жарияланды.
- 5) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін TV-экранда балабақша фойесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы роликтер көрсетіледі;
- 6) Комплаенс-қызмет құру және жауапты адамды тағайындау туралы бұйрық (2021 жылғы 26 қазандағы №356 ж/қ бұйрық) шығарылды, сондай – ақ жауапты тұлға инновациялар жөніндегі әдіскердің лауазымдық нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
- 7) Орындалуы сыбайлас жемқорлық көріністерінің барынша тәуекеліне ұшыраған қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне бағалау жүргізілді.
- 8) Педагогтер мен ата-аналар жұртшылығы арасында сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу жөнінде жадынамалар мен буклеттер шығарылып, таратылды.
- 9) «Салтанат» бөбекжайы» КМҚК-да Комплаенс-офицер А. Ю. Мыца тағайындалды (2022 жылғы 06 шілдедегі №32 бұйрық); комплаенс-офицердің лауазымдық нұсқаулығы бекітілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты күшейту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы бұйрық шығарылды (2022 жылғы 06 шілдедегі №33 бұйрық)

**«Салтанат» бөбекжайы»
КМҚК директоры**



С.Д.Ударцева